

## Атырау облысының әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 18 қаңтардағы № 3 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 22 қаңтарда № 4882 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27, 37-баптарына, "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 9-1-бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Атырау облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 12 қаңтардағы № 06-17/24 ұсынысына сәйкес, облыс аумағын, өсімдік және өсімдік текті өнімдерін карантиндік нысандардың таралуынан қорғауды қамтамасыз ету, карантиндік нысандардың таралу ошақтарын дер кезінде анықтау, оқшаулау және толық жою мақсатында Атырау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Атырау облысының әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақ белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Қ.Ә. Бекеновке жүктелсін.
3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Атырау облысының әкімі*

*М. Досмухамбетов*

Атырау облысы әкімдігінің 2021  
жылғы 18 қаңтардағы № 3 қаулысына  
қосымша

## Атырау облысы аумағында шөптесін өсімдіктерде паразиттік ететін арам сояумен зақымданған алқаптар көлемінде карантин режимі енгізілген карантин аймағы

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімдігінің 06.01.2026 № 2 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

№ р/с	Ауылдық округтер атауы	Жер учаскесінің тиесілігі	Зақымданған алқап, гектарда
Құрманғазы ауданы			
1	Бірлік	Босалқы жерлер	17
2	Сафон		10
3	Нұржау		3
4	Құрманғазы		3
	Барлығы		33

**Атырау облысы аумағында шөптесін өсімдіктерде паразиттік ететін қызанақ күйесімен зақымданған алқаптар көлемінде карантин режимі енгізілген карантин аймағы**

№ р/с	Ауылдық округтер атауы	Жер учаскесінің тиесілігі	Зақымданған алқап, гектарда
Атырау қаласы			
1	Қайыршақты	"Абдулла " ШҚ	2
	Барлығы		2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК